

"Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 37 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 402 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы 21-1, 29-1-баптары және 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 37 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9468 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 28 мамырда жарияланған) күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаменті (М.Ә. Жақсыбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күнінен бастап бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» РМК және мерзімді б а с п а б а с ы л ы м д а р ы н а ж о л д а у д ы ;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында бұйрықтың күші жойылды деп тану туралы ақпаратты орналастыруды және нормативтік құқықтық актілер тізбесінен алып тастауды қамтамасыз етсін.

Министр

А. Мұхамедиұлы